

Әдеби пікірталас: Сайын Мұратбеков «Қылау» әңгімесі

Әдеби пікірталас мақсаты: Сайын Мұратбеков әңгімесіндегі кейіпкерлер бейнесін жан – жақты ашу, шығарманы талдау, оқырмандардың өзіндік пікірлерін қалыптастыру, кейіпкерлердің әрекеті арқылы достықты қадірлеуге үйрету.

Әдеби пікірталас көрнекілігі: кітап көрмесі, слайд.

Әдеби пікірталас барысы: оқырмандарды топқа бөлу, топ басшыларын анықтау

Әдеби пікірталас сұрақтары:

Сайын Мұратбеков кім?

Жазушының қандай шығармаларын білесіңдер?

Таң азанғы әке дауысы Сатайдың құлағына неге жағымсыз естілді?

Сатай бойындағы қай сезім сендердің өз бастарыңнан өтті?

Әке ақылы Сатайды неге ызаландырды?

Сендер ересектердің ақыл сөзін қалай қабылдайсыңдар?

Сатай Рабиғаға деген алғашқы балаң сезімін қалай білдірді?

Өлім мен өмір туралы Сатайдың ойлауына не түрткі болды?

Сатайдың сезімталдығы мен жайдарылығы, қайырымдылығы оның қандай әрекеттерінен байқалады?

Рабиғамен келе жатып қасқырды көргенде Сатайдың айқайға басуы оның батылдығы ма, не деуге болады?

Орынсыз мақтануды сүймейтіндігі Сатайдың қай әрекеті дәлел?

Егер сен жазушы болсан, әңгімені қалай жалғастырар едің?

«Бұл қай кейіпкер?»

«Сатай, тұр енді. Ертеңгі шайға дейін алып кел шананы»

(Сатайдың әкесі)

«Бірінен – бірі қалысар емес: «Таң атты-ы-ы, таң атты-ы!»

(Көрші- қолаң әтештері)

«Ойбай, біз қалдық!...біз қалдық!...» дегендей қаңқылдасып қоя берді.

(Қаздар)

«Кәне, ережеде не депті?»

(Сатайдың директоры)

«Өзің ұялмайсың ғой тақылдап. Адамның өзіне сен сондайсың деп айтуға бола ма екен?»

(Рабиға)

«Ал, кәне, пәленшиіп, тақтаға шықшы, мына есепті шығаршы»

(Сатайдың математика пәнінің мұғалімі)

«Қорықпай-ақ қой. Сыныпта мен қалды дегенше, заманақыр болды дей бер»

(Сатай)